

PSYTRANCE PARTY

NOOSFERA



- ▶ **Ноосфера** (*гр.* νόος — сана және σφαῖρα — орта, шар) немесе **Антропосфера** (грек. anthropos — адам, sfera — қабық) — биосфераның жаңа жағдайға көшкен деңгейі; адамның саналы түрде жүргізген іс-әрекеттерінен туындайтын жер сферасындағы барлық өзгерістер мен олардың дамуын анықтайтын басты фактор; ғаламдағы адамзаттың мекендейтін аясы. Адам баласы уақыт пен кеңістікке қатысты биосфера шегінде және ғарышта өмір сүре алады. Бірақ адамзаттың тұрақты мекені — Жер..





НООСФЕРА – АҚЫЛ-ОЙ СФЕРАСЫ ДЕГЕН ТҮСІНІКТІ

АЛҒАШ 1927 ЖЫЛЫ ФРАНЦУЗ ҒАЛЫМДАР Ы Э.ЛЕРУА (1870 – 1954) МЕН ТЕЙЯР ДЕ ШАРДЕН ПЬЕР (1881 – 1955) ЕНГІЗГЕН. XX ҒАСЫРДЫҢ 30 – 40-ЖЫЛДАРЫ НООСФЕРАНЫ МАТЕРИАЛИСТІК ТҰРҒЫДАН СИПАТТАП ЖАЗҒАН В.И. ВЕРНАДСКИЙ БОЛДЫ. ОЛ НООСФЕРАНЫ БИОСФЕРА МЕН ҚОҒАМНЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ТІРШЛІКТІҢ ЖАҢА ФОРМАСЫ, БҰЛ САНАЛЫ, АҚЫЛ-ОЙЫ ЖЕТІЛГЕН АДАМЗАТТЫҢ БАҒЫТТАУЫМЕН ҚАЛЫПТАСАТЫН БИОСФЕРАНЫҢ ЖАҢА ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ДЕП ТҮСІНДІРДІ.

НООСФЕРА – ТАБИҒАТ
ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚОҒАМНЫҢ
ОЙЛАУ ЗАҢДАРЫМЕН
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАРМЕН
ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСЫП ЖАТАТЫН
БІРТҰТАСТЫҒЫН (БҮТІНДІГІН)
БАСҚАРУШЫ ЖОҒАРҒЫ ТИП. ҒЫЛЫМИ-
ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ ҚАРҚЫНДЫ
ДАМУЫ БҰРЫН ИГЕРІЛМЕГЕН
ЖЕРЛЕРДІ ИГЕРІП, БҰРЫН
ПАЙДАЛАНЫЛМАЙ КЕЛГЕН ТАБИҒАТ
БАЙЛЫҚТАРЫН ПАЙДАҒА АСЫРЫП
ҚОЙМАЙ, ҒАРЫШКЕҢІСТІГІН,
ҒАЛАМШАРЛАРДЫ ИГЕРУГЕ, ЯДРОЛЫҚ
ҚАРУЛАР ЖАСАУҒА МҮМКІНДІК БЕРДІ.







НООСФЕРАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫ

ЖЕР ҒАЛАМШАРЫНДАҒЫ ОРГАНИКАЛЫҚ ДҮНИЕ ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ БІРНЕШЕ КЕЗЕҢДЕРІН АЖЫРАТАДЫ. **БІРІНШІ КЕЗЕҢ** — ЗАТТАРДЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ АЙНАЛЫМЫ ПАЙДА БОЛЫП, БИОСФЕРАНЫҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАУЫ. **ЕКІНШІ КЕЗЕҢ** — ТІРШІЛІКТІҢ КҮРДЕЛЕНЕ ТҮСІП, КӨП ЖАСУШАЛЫ ОРГАНИЗМДЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ. БҰЛ ЕКІ КЕЗЕҢДІ ҒЫЛЫМДА БИОГЕНЕЗ, ЯҒНИ ТІРШІЛІКТІҢ ТОЛЫҚ МӘНІНДЕ ПАЙДА БОЛУ КЕЗЕҢІ ДЕП АТАЙДЫ. БИОСФЕРА ЭВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ **ҮШІНШІ КЕЗЕҢІ** — АДАМ ҚОҒАМЫНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ.

- ▶ *Биосфера эволюциясының келесі жаңа кезеңі — қазіргі деңгейі. Мұны ғылымда **ноосфера кезеңі** деп атайды. Грекше "noos" ақыл-ой, сана, "sphaira" — шар деген ұғымды білдіріп, "саналы қабық" деп аталады. Ноосфера — адамның санасы, ақыл-ойы шешуші рөл атқаратын биосфераның жаңа эволюциялық деңгейі*

